



Қазақстанның бар аумағында төтенше жағдай жарияланды



Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы
5 қаңтар №742

Түркістан облысында төтенше жағдайды енгізу туралы

Түркістан облысы тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 16) тармақшасына, «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5, 6-баптарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Азаматтардың маңызды және тікелей қауіпсіздігіне байланысты қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалпына келтіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында 2022 жылғы 5 қаңтардағы 22 сағат 00 минут пен 2022 жылғы 19 қаңтардағы 00 сағат 00 минут мерзімі кезеңінде Түркістан облысының шекараларында төтенше жағдай енгізілсін.

2. Түркістан облысында төтенше жағдайдың күшінде болуы кезеңінде 23 сағат 00 минуттан 7 сағат 00 минутқа дейін коменданттық сағат енгізілсін.

3. Төтенше жағдайдың кезеңінде Түркістан облысының комендатурасы құрылып, оған «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген өкілеттіктер берілсін.

Түркістан облысының коменданты болып Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығы Қайрат Сұлтанбайұлы Дәлбеков тағайындалсын.

4. Төтенше жағдайдың күшінде болуы кезеңінде мынадай шаралар мен уақытша шектеулер енгізілсін:

1) қоғамдық тәртіптің сақталуы, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігі және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуі күшейтілсін;

2) Түркістан облысында жүріп-тұру, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының еркіндігіне шектеулер белгіленсін;

3) жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, оларды жеке тексеру, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеру қамтамасыз етілсін;

4) Түркістан облысына

кіру, сондай-ақ одан шығу шектелсін;

5) бейбіт жиналыстарды, ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынсын;

6) ереуілдерге және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұрудың өзге де әдістеріне тыйым салынсын;

7) қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, арнаулы құралдар, улы заттар сатуға тыйым салынсын, дәрі-дәрмектің, есірткі заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, сондай-ақ этил спиртінің, алкоголь өнімдерінің айналымына ерекше режимі белгіленсін;

8) жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәріні, улы заттарды уақытша алып қою, ал заңды тұлғалардан қаруға, оқ-дәріге және улы заттарға қоса әскери және жауынгерлік оқу техникасын, жарылғыш және радиоактивті заттарды уақытша алып қою қамтамасыз етілсін.

5. Төтенше жағдай режимі кезінде қолданылатын шаралардың іске асырылуына жауапты болып Түркістан облысының комендатурасы, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры осы Жарлықта белгіленген шаралар мен уақытша шектеулерді іске асыру кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қажетті қаражатты бөлсін.

8. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан
Республикасының
Президенті Қ.Тоқаев

Ынтымақ-тұрақтылық пен бірліктің кепілі

Жаңа жылдың алғашқы күндері Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында қала тұрғындары газ бағасының күрт көтерілуіне байланысты жаппай ереуілге шықты. Олар өз наразылықтарын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа жеткізуге тырысты. Осы мәселелерді екшей отырып Президент газ бағасын Маңғыстау облысы аумағында 50 теңгеге, өзге аймақтарда 55-70 теңге аралықтарында бекітті. Осы жағдайға байланысты ҚР Премьер Министрі А.Мамин өз еркімен отставкаға кетті. Бірқатар жауапты тұлғалар қызметтерінен босатылды. ХҚКО орталықтары елдегі жағдайға байланысты жұмыстарын уақытша тоқтатты. Қалалардағы студенттер 24 қаңтардағы дейін демалады. Тарихқа сәл шегініс жасасақ Қазақстанның 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Ата заңымыздың 14-бабында «...тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрағылықты жеріне байланысты немесе өзге де жағдаяттар бойынша ешкімге ешқандай кемсітуге болмай-

ды» деп жазылуы, еліміздегі ешбір ұлттың, өзге дін өкілінің өзін, өз бауырындай санаған.

Қазақстандықтардың ең бірінші ұстанған бағыты ауызбіршілік, ынтымақ, елдің ішіндегі тұрақтылық деген ұлы қасиеттер болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында:

«Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс. Сондай-ақ Елбасы қол қойған Жарлықтың арқасында Қазақстан бүкіл дүние жүзіне ядролық қару-жараққа қарсы әлемдік қозғалыстың көшбасшысы болып танылды, алып мемлекеттердің сеніміне ие болды, халықаралық қоғамдастықта жауапкершілігі жоғары

ел ретінде мойындалды.

«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» дейді халқымыз. Кешегі өткен хандар мен қағандардың дәуірі ғана емес, соңғы отыз жылдағы жасампаздық жолымыз да бүгінде тарихқа айналып, күн сайын алыстап барады. Азаттық таңын өз көзімен көрген алдыңғы буын болмаса, кейінгі жастар өткен ғасырдың 90-жылдарындағы тарихи оқиғалардың тереңіне бойлап, мәнін жете түсіне бермейді. Тәуелсіздікке тағдырдың бере салған сыйы ретінде қарайды. Шын мәніндегі ахуал олай емес.

Елбасы сол кездегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және басқа да жағдайларға байланысты жеті рет емес, жетпіс рет өлшеп, бір рет кесуге мәжбүр болды. Біз тығырықтан шығар жолдың саңылауы да көрінбейтін қиын күндерден қақтығыс пен қантөгіске ұрынбай аман шығып, ешкімге есемізді жібермей, жаңа сипаттағы Қазақ мемлекетін құрдық. Бүгінгі және болашақ ұрпақ мұны әрдайым біліп отыруы керек» деген болатын.

(Жалғасы 3-бетте).

Құрметті халайық!

Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты барлық іс-шараларға тоқтау жасалғандығынан хабардарсыздар. Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы да Президент Жарлығына сәйкес елдегі төтенше жағдай мерзімі біткенге дейін, яғни 19-қаңтарға дейін мешіттерімізде өткізетін шараларды тоқтата тұруға шешім қабылдады. Оған негізде жоқ емес. Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы тұрғындарының сыйытылған газ бағасының жоғары болуына байланысты наразылығынан бас-



қалаларда шеруге шыққан жастардың дені жастар болып отыр. Әйтеуір, жастық албырттыққа салынып, арандатушылардың айтағына еріп, болашағына балта шауып алмаса екен.

Құрметті жерлестер! Қасиетті дініміз қашан да қандай жағдайда да сабырлы болуға, ел мен жердің тұрақтылығын, бейбітшілігін сақтауға шақырады. Бүлік атаулының қандай болмасын сөгіп, айыптайды. Қасиетті құранда ұлы Алла тағала: «Әй, иман келтіргендер! Аллаға, Оның Елшісіне бойұсыныңдар және өздеріңнің араларыңнан

Елдігімізді сақтайық!

тау алған бейбіт шерулер, митингілер ниеті бұзық адамдардың араласуымен Қазақстанның үлкен қалаларында жойқын қарулы қарсылыққа ұласты.

Халықтың талабы газ бағасын түсіру болса, бейбіт түрде ол талап орындалды. Тіпті Үкімет басшысы өз еркімен қызметінен кетіп, бірнеше құзырлы орган басшылары ауыстырылды. Солай бола тұра, елдің ішіне бүлік келді. Олар кінәсіз адамдарға қол көтеріп, мемлекеттік ғимараттарға, кәсіпкерлік нысандарға зиян келтіріп, бірнеше адамның жанын алды.

Осындай ауыр жағдайды ескере отырып Мемлекетіміздің басшысы Қ.Тоқаевтың

Жарлығымен республикамыздың барлық аймақтарындағы ҚМДБ-на қарасты мешіттер өздерінің жұмыстарын уақытша тоқтата тұратын болды. Сондықтан да ауданымызда тұратын барша жерлестерімізді, оның ішінде қарияларымызды, ата-аналарымызды және мешіттеріміздің имамдарын сергек болуға шақырамын. Елімізде орын алған төтенше жағдайдан шығып, тұрақтылық орнағанға дейін сабыр етейік! Сонымен бірге, отбасыларыңыздағы балаларыңыздың, немерелеріңіздің ойын, іс-әрекетін қадағаласаңыздар. Қай жерде, кіммен және немен шұғылданып жүргендеріне көңіл бөлсеңіздер екен. Олай дейтінім, сол

шыққан билік иелеріне бағыныңдар!» деп бұйырады. Ал, ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (Ол кісіге Алланың игілігі мен сәлемі болсын!) бір хадисінде: «Сендерге мейіздей қара хабашиді басшы етіп тағайындаса, әміріне бағыныңдар!». Тағы бір хадисте: «Кімде-кім менің жер-жердегі әмірлеріме бағынса, маған бағынғаны, маған бағынғаны Аллаға бойұсынғаны. Ал енді, кім әмірлеріме қарсы келсе, маған қарсы келгені, маған қарсы келгені Аллаға қарсы келгені» деп бұйырады.

Мейрамбек ӘБДІҚҰЛОВ,
Шолақорған орталық
мешітінің бас имамы.

Сабыр сақтағанымыз абзал

Дана халқымыз «Сабыр түбі сары алтын» дегенді бекер айтпаған ғой. Елімізде соңғы уақыттарда болып жатқан оқиға барлығымызды сабырлы болуға шақырады. Өйткені әртүрлі теріс пиғылды адамдардың сөзіне еріп арандап қалуға болмайды.

Егеменді еліміздің тыныштығына кедергісін келтіріп, айрандай ұйып отырған халықтың арасына ірікті салып отырғандардың әрекетіне тосқауыл қоюымыз керек.

Біз қашаннан да бейбітшілік сүйген халықпыз. Өткен жылы ғана Тәуелсіздіктің 30 жылдығын ойдағыдай тойладық. Осынау мерзім ішіндегі жеткен жетістігіміздің барлығы да тыныштықтың, береке мен бірліктің арқасында келгендігін біздер аға буын өкілдері жақсы түсініп, сезінеміз.

Ақпарат құралдарына Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың сабырлылыққа шақырған мәлімдемесін тыңдап, ел басшысының сөзін қолдап, ел тыныштығын сақтауға үлес қосуға барша аудан халқын шақырамын.

«Бақ қайда барасың? Ынтымақ пен бірлікке барамын» дегендей еліміздегі ынтымақ пен бірлікке, бейбіт өмірге ешнәрсе жетпейді.

Біздер-көпті көрген, талай оқиғаларды бастан кешірген ұрпақтың өкіліміз. Қазіргі қалыптасқан жағдайда баршамыз сабырлылық сақтап, елдің амандығын, жұрттың тыныштығын сақтағанымыз дұрыс.

Барлығынан бізге қымбаты-бейбіт өмір, адамдардың амандығы болып тұр.

Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ,
Созақ ауданының Құрметті азаматы, аудандық
Ардагерлер және Қоғамдық кеңестің төрағасы.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ-баршамыздың мұратымыз

Елімізді болып жатқан күрделі жағдай барша жұртшылық сияқты менің де жүрегімді ауыртып отыр. Ең бірінші кезекте бізге Қазақстандық патриотизм деген ұғымды жастар бойына терең сіңіру өзекті мәселе. Қазақстандық елжандылық бізге тәуелсіздік рухы, өз елің мен жеріңнің иесің деген ұғымды білдіріп тұр. Тәуелсіз мемлекетіміздің Нұрлы жолы, кемел келешекке апарар бағыттаушы басымдықтары діндеген жеріне осы патриотизмнің күш-қуатымен жетеді.

Бізге, бесіктегі баладан бастап ең алдымен ұлтымыздың өз ана тілін жетік білу, ана сүтімен келген қазақы дәстүрімізді биікке көтере құрметтей отырып, өзгелерді де құрметтете білу, айналаңдағы адамдармен, қатарластарыңмен бірге әлемнің озық білімі мен ғылымын терең меңгеру, бабаң бас иген дініңді өзге дінге айырбастамау, сені өмірге әкелген әкең мен шешеңді жерге қаратпау, осының бәрі ұлттық құндылық деп айтылатын қазақстандық патриотизмнің шынайы ережесі деп ұғынған абзал. Біздер,



қазақстандықтар—бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр — бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы,-деген арман-мақсаты әр жастың көкірек көзінде сайрап тұр.

Қазақстандық патриотизмді қолға алып, оны іс жүзінде жүзеге асыру үшін Президент Үкіметке, Қазақстан халқы Ассамблеясына «Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысымен бірлесіп, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін әзірлеп

қабылдауды және ұйымдастыруды тапсырған болатын. Бұл тегіннен тегін айтылған мәселе емес. Сондықтан да бүгінгі күрделі уақытта аудан жұртшылығын сабырға шақырғым келеді. Түрлі алауыздыққа арандап қалмай, ортақ шаңырағымыздағы татулық пен бірлікті сақтайық.

Бижігіт ҚАСЫМҚҰЛОВ,
Дәрігер-хирург, желтоқсан ардагері.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын

Қай заманда да, қай елде де болсын өзіндік орын алған тарихи оқиғалары болып отырғаны анық. Мейлі ол бұрын болсын, мейлі ол бүгін болсын. Десек те, әр елдің өзіндік тарихы бар.

Біздің еліміздің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толғаны баршаңызға аян. Аз да емес, көп те емес уақытта Қазақстан Республикасы әлемнің дамыған елдерінің қатарынан көрініп, әлем сахнасында өзіндік орынын қалыптастырды. Жұртшылық шекара асып, жер шарының түкпір-түкпіріне саяхаттап жүрген заманға жеттік. Мұның барлығы да Тәуелсіздігіміздің арқасы деп білеміз.

Дегенмен, елімізде жақын арада орын алған оқиғалар, елдің тыныштығын бұзды дегуге болады. Маңғыстау облысының халқы бастаған бейбіт шерудің соңы бүгінгі таңда Алматы қаласындағы қақтығысқа ұласып кетті. Мұның барлығын біз ресми ақпарат көздерінен көріп, біліп отырмыз.

Маңғыстау халқының көтерген мәселелері әрине орынды шығар. Бірақ та, осындай бейбіт шеруді пайдаланып, соның қақтығысқа ұластыратын түрлі сыртқы күштер мен демонстранттардың іс-әрекеттері бүгінде елдің тыныштығын бұзып отырғаны алаңдатады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкімет мүшелерімен шұғыл кеңес өткізіп, бұл жағдай мемлекеттік толық бақылауында болатындығын айтты. Сонымен қатар, халықтың көтерген барлық мәселелерін оңтайлы шешуді Үкіметке тапсырып, бірқатар нақты ұсынылған тапсырмаларды халық назарына шығарды. Пре-

зидент жұртшылыққа бейбіт шеруді қақтығысқа ұластырмай, тәртіпке бағынып, заң аясында әрекет жасауға шақырды. Заңды бұзып, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне бағынбаған азаматтардың заң аясында жауапкершілікке тартылатындығын да ескертті.

Барша аудан халқына айтарым, бейбіт заманда өмір сүріп, ұрпағымыздың жарқын болашағын қалыптастыруға өзіндік үлесімізді қосып отырсақ, одан асқан бақыт бар ма. Сыртқы түрлі күштердің ықпалдарына еріп, бейбіт шеруді қақтығысқа ұластырған азаматтардың іс-әрекеттерін Қазақстан халқы қатаң сынға алып жатқаны рас. Мемлекеттің мүлкін тонап, өртеп, қиратып, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне шабуыл жасау барып тұрған тәртіпсіздік пен көргенсіздік, вандализм мен бандитизм десек артық айтпаған болар едік. Осындай келеңсіздіктерді ел болып, халық болып еңсермесек, елдігімізге сын болары анық. Сол себепті, баршаңызға айтарым, тәртіпке бағынайық, өз елімізді, өз жерімізді бұзбайық, барлық мәселенің бір шешімі болары бесенеден белгілі. «Шешілмейтін түйін жоқ» деп бекер айтылмаған.

«Бірлік бар жерде, тірлік бар» демекші, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», елдің амандығын, жұрттың тыныштығын ойлайық. Өсіріп отырған ұрпағымыздың жарқын болашағына балта шаппайық ағайын! Әрдайым татулықта болайық! Жарқын күндеріміз көп болсын!

Несіпкүл САДИЕВА,
Шу ауылының тұрғыны,
«Алтын алқа» иегері.

Ел бірлігі-басты құндылық

«Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол-бірлік» демекші, ел басына күн туған замандарда халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған ынтымағы мен бірлігі десек, артық айтпағанымыз болар.

Елімізде соңғы уақыттарда болып жатқан келеңсіз оқиғалар халықтың тыныштығына көлеңкесін түсіруде. Тәуелсіз еліміздің бірлігі мен ынтымағына кедергі келтіретіндердің ісі біздің ренішімізді тудырды.

«Бірлігі бар ел озады,



бірлігі жоқ ел тозады» дегендей елдің ынтымағы мен бірлігін сақтау-біздің басты мақсатымыз.

Елдің тыныштығы, бірлігі біздің басты-байлығымыз. Сондықтан елді бүлдірушілердің сөзіне ермей, халықтың тыныштығы мен бірлігіне жұмыс жасауға жастарды шақырамын.

Бауыржан АМАНОВ,
А.Сүлейменов атындағы
жалпы орта мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі.

Ынтымақ-тұрақтылық пен бірліктің кепілі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Саналы адамның табиғаты сондай өзінің туыстарын мен ұлтынан, елін рухани бірліктегі бауырларын жақын тұтып, соларға жәрдем етуге бейім болады және қажет болған кезде солардан қолдау күтіп, көмек сұрауға да дайын тұрады. Бүгінде тәуелсіз мемлекет атанып, ел, халық болып қалыптасудың күрделі үдерістерін бастан кешіріп жатқан кезеңде ұлттық келісімді, дінаралық татулықты қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті міндеті болуы да сондықтан.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Кез келген халықтың рухани мәдениетінің негізін келісімге, бейбітшілікке, әділдікке ұмтылуды құрайды. Көп ұлтты қазақстандық мәдениетке тән рухани бастамаларды нығайту мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі. Жыл сайын Қазақстанда Рухани келісім күні атап өтіледі. Қазіргі таңда түрлі этностар мен дінге жататын адамдарды біріктіруге қабілетті рухани құндылықтарды бекіту тұрақты күш-жігерді, түрлі елдердің ғалымдары, діни көшбасшылары, мәдениет және өнер қайраткерлері тарапынан үнемі назарды қажет етеді. Дүниежүзілік рухани мәдениет форумын өткізу қазіргі әлемнің руханилығын нығайтуға, өркениеттер мен мәдениеттер үні қатысуларын кеңейтуге маңызды қадам болатындығына сенімдімін», – деген болатын.

Қоғамның ынтымағы мен бірлігі, Исламның өркендеуі үшін жасаған қызметтері, расында да, үлкен жетістікке жеткізді. Қазіргі таңда көпұлтты тәуелсіз Қазақ еліне дүниежүзіндегі көптеген елдер қызыға қарап келген. Себебі жүзден астам ұлт пен ұлыстардың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастыра

білген ел кемде-кем.

Қазақ халқының тәрбиеге тұнған мақал-мәтелін алып қарасақ та, түбі құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне тіреледі. Өйткені адамзаттық тәлім-тәрбиенің бастауы исламда жатыр. Асыл рух – ұлт байлығы, ал оның жетістігі-біржақты жеке мүдделерді жеңе отырып, әлем елдерін рухани келісімді асқақтатуға шақыру болып табылады. Ұрпағымыз осы рухани келісім әрқашан бірлік екеніне сенсе, сонда ғана бірлік пен береке болмақ. Өз туған жерімізде рухани мәдениеттің не екеніне түсіне бермейтін жандар бар. Негізгі мәдениет ол имандылық, адамгершілік. Өзіміздің дінімізді тілімізді білмеу ол сауатсыздық. Әдептілік, этика, эстетика, жайлы көп түсіндірсек, сонда ғана жас ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей аламыз.

Рухани келісім, бірлік арқылы шешілетініне көз жеткізе алады. Рухани келісім тұрақты түрде жеткізіліп отыра береді. Мәдениеттілік, имандылық, адамгершілік, ибалылық, адалдық барлығы осы рухани келісімге жатады. Адам баласы өмірде осы айтылған нәрселердің барлығын бойына сіңіре білсе, ол нағыз иманды адам болып саналады.

Күн сайын өзгеріп, түрленіп жатқан алмағайып заманда өркениеттер арасындағы бейбіт келісімді сақтау – бүгінгі күннің ең маңызды мәселесі. Сондықтан бейбітшілік пен бірлік, ынтымақ пен татулық – еліміз үшін қастерлі де қасиетті ұғым.

Сондай-ақ біз оқыған Президент өз мақаласында «Жас келсе – іске» дейді халқымыз. Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан өскелең ұрпақтың осындай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек. Осы орайда Президент жанындағы Жас-

тар кеңесінің қызметін жандандырып жөн. Оны білікті әрі білімді жастарды жұмылдыратын жүйелі жұмыс алаңына айналдырамыз.

Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету.

Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі» деген Президент сөзі жалаң ұранға еріп кетпей, арандатулар мен бас бұзарлардың жетегіне жегілмей сабырлы да саналы мінезде болуымызды меңзеп отыр.

Қазақстан республикасы Президентінің 5 қаңтар күнгі №742 Жарлығымен республика аумағында төтенше жағдай енгізілді. Оның ішінде Түркістан облысы да төтенше жағдайға көшті. Төтенше жағдай туралы талаптарды осы газеттің алғашқы бетінен оқи аласыздар.

Құрметті жерлестер! Тәуелсіздік деген қасиетті дүниені қолдан шығарып алмайық. Қолдан шығып кетсе қайтып қайтарып алуымыз дұдамал. Сол себепті елдің ауызбіршілігі мен ынтымағы, тұтастығы мен татулығы деген ұғымдарды ұстана білейік. Арамызда аранын ашып айлакерлік пен алауыздықтың отын жағып, ынтымағымызды ыдыратып, татулығымызды талапайға түсіріп, ауызбіршілігімізді алауыздық

орына итермек болып жүрген қаскөйлерден сақтанаық.

*Тәуелсіздік армен келген жеңісім,
Желбіреген көк байрағым төбемде.*

*Асау сезім, мол қуаныш, зор екпін,
Сия алмайды ол, ақ параққа,
өлеңге!*

Байтақ елім, егемендім, бақ таңым,

*Гүлге толы өңісім мен шатқалым.
Қазақстан ғазиз өлкем, пәк анам,
Болашағым, болар бағым, мақтаным.*

*Есімізді енді жиған шақтарда,
Ерте қырау түскені ме бақтарға.
Алауыздың аранына ілігіп,
Қапылыста түсіп жүрме қақпанға.*

Фимаратта, гүлзар бақ та, көшеде.

Маңдай тері сендей, мендей халықтың.

*Қирандыға айналдырып қалаңды,
Айналайын аңқау халқым не ұттың.*

*Жетегіне еріп кетпе желпініп,
Арам ойлы қара ниет дұшпанның.
Қанша азамат жапа шекті,
қайғыда,
Өзің ойла ұтылған кім, ұтқан кім?*

*Тәуелсіздік бабалардан мұрадай,
Бізге жеткен армандардың өлшемі.*

*Аялайық, айырылмайық бізге серт,
Ал айырылсақ кешірмейді ол сені.*

*Бізге керек ынтымақ пен тұтастық,
Ауызбірлік, амандығы халықтың.
Айналайын ақ пейілді ағайын,
Төбемізде нұрын төккің жарық күн!*

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Тәртіпке бағынған құл болмас

Еліміздің бірқатар қалаларында халық алаңға шығып, бейбіт шеру жасады. Ресми ақпарат көздерінің мәлімдеуінше Батыс Қазақстан облысындағы «сұйытылған газ» құнының сатылу бағасының қымбаттауы осы шеруге себеп болған. жергілікті тұрғындар биліктен осы мәселені оңтайлы шешіп беруді сұрап алаңға шығыпты. Кейіннен еліміздің үлкен қалаларында да осы сынды шерулер көбейіп, жер-жерлердегі халық түрлі мәселелерді көтере бастады.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев ұлттық арналар арқылы ресми үндеу жасап, халықты бейбіт шерудің артын демонстранттық, мародерлік қақтығыстарға ұластырмауға шақырды. Халықтың көтерген мәселелерінің барлығы Үкіметтің шұғыл өтетін кеңесінде қаралып, шешімі шығарылатындығын мәлімдеген болатын.

Алайда, бұқаралық ақпарат құралдарының мәлімдеуінше Алматы қаласында шеруге шыққандар демонстранттық, мародерлік әрекеттерге барып, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қарсы күш қолданған. Осылайша Алматы қаласындағы бейбіт шерудің арты қақтығысқа ұласыпты.

Бейбіт шеруді қақтығысқа

ұластырып, мемлекет мүлкін, жеке кәсіпкерлердің кәсіптік нысандарын қирату, оларды тонау немесе өртеу фактілері орын алған әрекеттерді дұрыс емес. Барлық мәселені бейбіт шешуге болады бұл заманда.

«Тәртіпке бағынған құл болмас» демекші, әр мәселенің оң шешімі болады. Тек қана оған сабыр мен ақыл керек. Елдің сұрағанын оңтайлы шешу үшін Президент Үкіметке нақты тапсырмалар берді. Шұғыл кеңес жиынын өткізді. Халықты сыртқы түрлі күштердің ықпалына ермеуге шақырды.

Ауданымызда жастар үшін барлық жағдайлар жасалған. Әрбір ауылдар мен елді мекендерде спорт алаңшалары, спорт залдар, жаттығу алаңдары салынған. Кітапхана, ауылдық клуб сияқты мәдени ошақтары да тұрақты жұмыс жасауда. Бүгінде балиғат жасына жетпей жатып қылмысқа баратын жағдайлардың көпшілігінің бастауында отбасылық тәрбие тұрады. Сол себепті ата-аналар тарапынан тұрақты бақылау мен жылы көзқарастар болса түрлі жағдайлардың алдын алар едік. Сондай-ақ жеткіншек жастардың бұзақылыққа көп баруына қялы телефонның бүгінгі қоғамда кең қолданысқа ие болуы да түрткі



екендігін айтуға тиіспіз. Ал, мұндай жағдайларды қылықты қыз балалардың бойынан көргенде ұлтымыздың ұяты қалай қарай бет алды деп ой тұжырымдаймыз.

Мұхтар Әуезовтың: «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы?» - деген сөзі ешқашан ескіргесі анық.

Әдебиетпен арын тазалай-

тындарға, кітап оқымайтын-дарға, адал еңбекке араласпайтын-дарға түрлі қылмысқа бару түкке де тұрмайды. Жастар тәрбиесін есейгенде емес, сәби кезінен қалыптастыра алсақ, қатыгездік, қанішерлік, қаныпезерлік дегендер жастар бойынан жырақ кетер еді. Бүгінгі таңда жастарымыз өздерінің бойындағы бұла күштерін, жастық жігер-

лерін оқуға білімге, спортқа, жалпы қоғамға, тәуелсіз еліміздің нұрлы болашағына, қажетті пайдалы жағдайларға жұмса ел болашағының жарқын болатынына сенімім мол.

Құрметті аудан тұрғындары! Елімізде орын алып жатқан бұл оқиғаға түсіністікпен қарап, бей-берекет жалған ақпараттарға құлақ аспай, тек қана ресми ақпараттарға сенгендеріңіз жөн деп санаймын. Біздің халық қашанда бірлікті, татулықты ту еткен халық болған. Сол себепті, бірлікте болғанымыз абзал.

Бүгінгі таңда еліміз бойынша Президент Жарлығымен төтенше жағдай жарияланды. Сондықтан, бала-шаға, ағайын-туысқа бейтарап жолға шықпай, адам көп шоғырланған жерлерге бармай, тәртіпке бағынып жүруді насихаттасаңыздар екен демекпін.

«Бірлік болмай, тірлік болмас» деп қазақ халқы айтқандай, әрдайым бірлікте, татулықта өмір сүрейік! Бұл уақытта қиыншылық пен түсініспеушіліктің, келеңсіздіктің де өтері анық. Ең бастысы еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Қобыланды ОРЫНБАСАР,

Гір тасын көтеру спортынан үш дүркін элем чемпионы.

